



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 6 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2011 жылғы 1 наурыз**

**Теңгенің басқарылатын өзгермелі
айырбастау бағамының режиміне
өту туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 ақпандағы отырысында **теңгенің айырбастау бағамы ауытқуларының дәлізін жою және 2011 жылғы 28 ақпаннан бастап теңгенің басқарылатын өзгермелі айырбастау бағамының режиміне өту туралы** шешім қабылданды.

Валюта нарығындағы ахуалды тұрақтандыруға және халықтың девальвациялық күтулерін төмендетуге бағытталған уақытша шара ретінде енгізілген валюталық дәліз теңгенің нығаюына күшейіп келе жатқан үрдіс жағдайларында өз қажеттілігін жойды. Бұған әлемдік нарықтардағы қазақстандық экспорттың негізгі позицияларына оңтайлы баға конъюнктурасы және төлем балансының жай-күйі себепші болды.

Соңғы бір жарым жылда мұнай, металдар және астықтың әлемдік бағаларының өсу үрдісі байқалып отыр. Нәтижесінде ішкі валюта нарығындағы шетел валютасы ұсынысының ұлғаюы теңгенің нығаю жағына қарай айырбастау бағамына қысым көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің айтарлықтай нығаюын болдырмау мақсатында соңғы айлар ішінде сол арқылы оның ұсынысын қысқарта отырып және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің көлемін ұлғайта отырып, ішкі нарықта айтарлықтай көлемде шетел валютасын сатып алуда. Мәселен, егер 2010 жыл бойы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің нығаюын алдын алу мақсатында нарықта 2,0 млрд. АҚШ долларын сатып алса, тек ағымдағы жылдың қаңтарында және ақпанында ғана 4,5 млрд. АҚШ долларына жуық сатып алды, бұл өткен жылдың жылдық көлемінен екі еседен астам көп. Таяу уақытта трендте өзгерістер күтілмейді, керісінше, нығаюға ықпал ететін факторлар күшеюі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұдан әрі де ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және отандық өндірушілер үшін оңтайлы бәсекеге қабілетті ортаны сақтауға бағытталған саясатты жүргізетін болады. Басқарылатын өзгерудің пайдасына валюталық дәлізден бас тарту теңгенің, қажет болған жағдайда, теңбе-тең, экономика үшін «қолайлы» деңгейде нығаюына, алтынвалюта активтерін ұлғайтуға және валюта нарығындағы ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге жағдай жасайды.